

*Б. А. Аубакиров, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, полиция полковнигі*

## **ТАПСЫРЫС БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН КІСІ ӨЛТІРУ ҚЫЛМЫСЫН ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДА БОЛЖАМДАРДЫ ҚҰРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қылмыстарды тергеу мен ашудың алғашқы және негізгі мақсаттарының бірі — қылмыс жасаған тұлғаны анықтау болып табылады. Бұл жағдайда қылмыскерлерді әшкерелеуде, яғни кең тарапта айтатын болсақ, қылмысты ашуда қылмыстың көрінісі туралы ақиқатты айқындау өз септігін тигізеді. Ал мұндай жағдайда ақиқатты жан жақты және анықтау алдын ала тергеуде жүйелі болжамдарды құру арқылы жүзеге асырылады. Кез келген қылмыс бойынша болжамдарды құру дұрыс және бірізді жоспарлаудың нышаны болып табылады.

Бұл ретте криминалистика ғылымында тергеулік болжамдардың әртүрлі түсінігі орын алған. Дегенмен олардың түйіні мен бағыты бір, яғни болжам дегеніміз — қолда бар ақпараттардың негізінде қылмыстарды тергеу мен ашуға бағытталған тергеушінің жорамалдары. Болжамдарды құру арқылы тергеуші, ол болжамдарды тексеру шараларын қарастырады, яғни жүргізілетін тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын жоспарлайды. Жалпы болжамдар жасалған кісі өлтірудің нақты мақсатын айқындағанда жүзеге асырылады. Бұл орайда жәбірленуші туралы мәліметтерге, оқиға болған жерді қарау нәтижесінде алынған ақпараттарға сүйене отырып кісі өлтірудің тапсырыс бойынша орындалғандығын аңғаруға болады (мысалы: жәбірленушінің кәсібі немесе қызметі белгілі бір адамдарға кедергі болуы, мәйіт денесіндегі жарақаттарды кәсіби түрде түсіру және т. б.).

Ал нақты кісі өлтіруді жасаған тұлғаларға қатысты болжамдар алдын ала тергеудің бастапқы сатысында құрылады. Әсіресе аталған болжамдар қылмыс жасаған деген сезікті қылмыс үстінде ұсталса немесе оқиға болған жерде күдіктінің аты-жөнін білдіруі мүмкін құжаттар қалса, сондай-ақ қылмыстың ізін суытпай қылмыскердің ізіне түскен жағдайларда жүзеге асырылады. Алайда қолда бар ақпараттарға сәйкес болжамдар құру нақты немесе жүз пайызды қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Мәселен, қылмыс болған жерде қылмысқа қатысы жоқ адам ұсталынуы мүмкін немесе оқиға болған жерде табылған құжаттар қылмыскермен әдейі қалдырылуы мүмкін. Осылайша тапсырыс бойынша жасалған кісі өлтірулерді тергеуде жалпы болжамдарды қылмыс туралы хабарлама түскеннен бастап құруға мүмкіндік беретінін ескерсек, жеке болжамдарды, викимологиялық мәліметтерді зерттеу арқылы және кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы құруға болады. Мәселен, егер қылмыс құрбаны болып мемлекеттік немесе жеке ірі кәсіпорындардың немесе банктердің басшылары өлтірілсе, онда қылмысты ұйымдастырушысына қатысты болжамдар келесідегідей құрылуы мүмкін, яғни:

- аталған мекемелердің немесе кәсіпорындардың жұмысын өз қадағалауына алуға тырысқан қылмыстық топтардың немесе қауымдастықтардың басшылары;
- дәл осы мекемелер мен кәсіпорындарға ұқсас басқа мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары;
- өзінің бірлескен жұмысына қатысты бірге жұмыс істесетін қызметкерлер немесе үлескерлер;
- құрбанның қызметтік жұмысына қатысы бар басқа да тұлғалар.

2012 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында полицейлер тапсырыспен адам өлтіру қылмысының алдын алды. ОҚО ІІД Ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасына дайындалып жатқан қылмыс бойынша ақпарат келіп түскен. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында 1980 жылы туған Түлкібас ауданының ауылдық мектептерінің бірінде жұмыс істейтін мектеп мұғалімі ұсталды. Күдікті келіншек күндесінің өмірін 3000 АҚШ долларына бағалапты. Күйеуінің ашынасын өлтіру үшін ол Шымкент қаласында тұратын 1978 жылы туған әйел адамға тапсырыс берген. Ақшаға зәру

болып тұрған әйел адам тапсырыс беруші әйел бастапқыда 250 000 теңге беріпті. Бұлардың жолығып келісімге келуіне 1972 жылы туған ортақ таныстары (жігіт) ықпал еткен. Тергеу барысында анықталғандай, мұғалім келіншек 1974 жылы туған кәсіпкер күйеуімен бұрын ажырасып кеткен. Экс-күйеуі 1982 жылы туған басқа әйелмен бірге тұрған екен. Кейін күйеуімен қайтадан қосылғанымен, ол екінші әйелмен арасын үзбей, оған материалдық көмек көрсетіп жүріпті. Күдіктінің айтуы бойынша, күндесі күйеуін өзіне қарсы қойыпты. Соңында күйеуі күнде ішімдік ішіп келіп, мұны ұрып-соғады екен. Соған ыза болған әйел, күндесінің көзін құртуға бел буыпты. Алайда оның бұл арам пиғылы іске аспайды. Ізкесушілердің жедел жұмыстары нәтижесінде ол тұрғылықты мекенжайында қолға түскен. Күдіктіге қатысты ҚР ҚК-нің 24-96-бабы «Адам өлтіруге оқталу» бойынша қылмыстық іс қозғалған. Қазіргі таңда, күдікті және оның 1972 жылы туған сыбайласы ҚР ҚІЖК-нің 132-бабы бойынша уақытша ұстау абақтысында қамауға алынған. Тергеу амалдары жүрген.

Әрине жоғарыда айтылған тек бір ғана мысалмен ғана шектелмейді. Өйткені тапсырыс құрбандарының объектісі — мемлекеттік қызметкерлер (оның ішінде құқық қорғау қызметкерлері), бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері (тілшілер, мақала жазушылар және т. б.) және тағы да басқа тұлғалар болып табылуы мүмкін. Біздің пайымдауымыз, тапсырыспен жасалған қылмыстарды жасаудағы жалпы болжамдарды құру жүйесін немесе технологиясын айқындау. Демек мұндай айқындауды тек құрбанның қоғамдағы алатын орнына байланысты айқындау мүмкіндігіміз бар екендігі айқын көрініп тұр.

Қорытындылай келе, тапсырыс бойынша кісі өлтіру қылмыстарын тергеу кезінде тергеу және анықтау органдарымен жіберелетін бастапқы тергеу әрекеттеріндегі, сондай-ақ заттай дәлелдемелер мен сараптамалық зерттеу кезіндегі кемшіліктерді айту керек.

1. Қылмыстық істі тергеуді жоспарлау қанағаттанарлық деңгейде болмауы. Тергеу көп жағдайда барлық мүмкін болжамдарды қамтымайды және жоспарға оны қоспайды. Және жоспарланған болжамдарға да тергеу және жедел іздестіру шараларының барлық кешені жүргізілмейді, әрбір іс қимылға жедел-тергеу тобынан жауапты тұлғалар белгіленбейді. Жоспардың әрбір бөлігіне уақытылы және дәл орындалуын бақылау жүргізілмейді. Тергеу және жедел іздестіру шаралары арқылы алынатын нәтижелер бұрын құрылған жоспарға дәлдеуді, түзетуді, қосымша тергеу әрекеттерін: жауап алу, беттестіру, оқиға болған жерді қарау, сараптамалық зерттеулер және т. б. жоспарлауды, кейде жаңа болжамдарды құруды талап етеді.

2. Оқиға болған жерді қарау қанағаттанарлықсыз жүргізіледі. Яғни, қарау учаскілерінде орындаушылардың келу мен кету жолдары қаралмайды, іздерді іздестіру мен тіркеу үшін барлық тиісті шаралар жасалынбайды. Оқиға болған жердің жағдайы, заттай дәлелдемелердің орналасуы «көзбен», өлшеу құралдарынсыз тіркеледі. Оқиға болған жерден алынған заттай дәлелдемелермен: оқ және гильзалармен қанағаттанарлықсыз жұмыс жүргізілетіндігін айта кету керек. Әдетте, оқиға болған жерден табылған бірнеше оқ пен гильзалар бір пакетте салынады, «бірге», әр объектінің қасиет белгілері ескерілмейді. Өртүрлі қарудан атыс жүргізілген жағдайда, мұндай әдіспен әр атыс жүргізген адамның орналасуын анықтау мүмкін емес.

Қарау хаттамаларында атыс траекторияларын және іздеу құрылғыларын (металл іздегіш) анықтау үшін көру құрылғыларын қолданудың тіркелуі сирек жолығады.

Оқиға болған жерді қарау кезінде мамандардың болмауы өз алдына қиындық тудыртады. Мысалы, баллистика саласындағы мамандардың жоқ болуы, олар бұл жағдайларда тергеуге айтарлықтай көмек тигізеді. Сот медицина саласындағы мамандардың да қарау кезінде болмауы мазалатады. Сот медицинасының мүмкіншіліктері толық қолданылмайды.

3. Тергеушілер шектелген сараптамалық зерттеулер қолданады. Трасология сияқты дәстүрлі зерттеу әдістері, микробөлшектерін зерттеу де жиі қолданылмайды.

4. Тергеушілер сарапшының қорытындысына салғырт қарайды, құжат талданылмайды, жай ғана іс материалдарына қосылады.

5. Жәбірленушінің тұлғасы толықтай зерттелмейді. Республикалық ақпарат орталықтарына сұраулар жіберілмейді. Қайтыс болғанның қылмыстық ортамен байланысы тексерілмейді.

6. Тергеушілермен қасақана қылмыстарды ашу мен тергеуде құқық қорғау органдарымен әріптестік мүмкіншіліктері жеткілікті қолданылмайды. Жиі тергеуші орындалуына бақылау жүргізілмейтін жедел қызмет органдарына жеке тапсырма берумен шектеледі.

Осылайша, тергеушінің қылмыстық істі тергеу барысында оқиға немесе оның бөлек жағдайларын жорамалдап түсіндіру деректеріне негізделген іс-әрекеті болжам құру деп аталады. Қылмыстарды, оның ішінде тапсырыс бойынша кісі өлтіру және оны жасыру тәсілінің санаты криминалистикада жалпы және жеке болжамдарды шығаруға негіз ретінде жүреді. Сол себептен ол тергеу бағытын анықтауға және қылмыстарды тергеп-ашудағы басқа да мәселелерді шешуге ықпал жасайтын болғандықтан, оны ескерген жөн болады.